



Бекітемін
«Айсұлтан» жекеменшік балабақша
директоры А.Ж.Амангалиева
29.08.2023 жыл

«Құлыншак» ортаңғы тобының 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие-білім беру процесінің және күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы

Тәрбиешілер: Тапаева А.
Жухаева А

ЦИКЛОГРАММА

I апта (04-08.09.2023ж

«Құлынишақ» ортаңғы тобы

Тексерді әдіскер: Амангалиева А.Ж.

Тәрбиешілер: Тапаева А.

Жухаева.А

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ата – аналармен әңгімелесу	Ата-анамен жұмыс Әңгімелесу. Балаңыздың сүйікті ойыншықтарын білесізбе?	Ата-анамен жұмыс Балаңыз қандай мультфильм кейіпкерлерін ұнатады?	Ата-анамен жұмыс Балалар ойыншықтары сатылатын дүкенге қаншалықты жиі барасыз? Балаңыздың оған көзқарасы қандай?	Ата-анамен жұмыс Мерекелерде соңғы сыйлаған ойыншығыңыз қандай?	Ата-анамен жұмыс Балаңыз өз ойыншықтарымен қаншалықты бөліседі және қаншалықты ұқыпты ұстайды?
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)	«Бал-бала» Ойыншықтарын тамашалайды. Мақсаты: Өн айтып, билейтін ойыншықтар ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, баланың интелектісін дамытады. Сан санап үйретеді.	Дидактик ойын: «Суреттерді орналастыр» Мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту	Дидактикалық ойын: «Қай жануар тығулы тұр?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойын : « Сикырлы қалта» Мақсаты: Қалта ішіндегі затты қарау және оны зерттеп, не екенін атау, заттарды топтастыра білуін жетілдіру.	Дид- ойын: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстыру.
Таңертеңгі жаттығу	Картотека № 3 Топпен бір бағытта жүру, «тоқта» деген белгіге тоқтау. 2-3 рет				
Таңғы ас	Сикырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын! Бата беру Астырсын, тастырсын Жақсылармен жанастырсын Жамандардан адастырсын Оттың басы аман болсын Бейбітшілік заман болсын	Сикырлы сөз: Даланың арынан Даланың таңынан Даланың жанынан өседі Нан жемісі ол кешегі	Сикырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын! Бата беру Аумин десең маған Құдай берсін саған Алтыннан-жағаң Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін Тілеуің қабыл Мұратың асыл болсын Аумин!	Сикырлы сөз: Бата беру Басыңа алла бақ берсін Не берсе де нақ берсін Білім нақыл айтуға Жалықпайтын жақ берсін	Сикырлы сөз: Бата беру Аумин десең маған Құдай берсін саған Алтыннан-жағаң Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін Тілеуің қабыл Мұратың асыл болсын Аумин

<p>Ойын, ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Санамақ Бақшаға жақсы аға, Көп-көп ойыншық әкелді. Бір балық, бір аю, бір үйрек. Бір түлкі, бір бүркіт, Шатасып қалма бірақта, Бақшаға жақсы аға, Қанша ойыншық әкелді?</p>	<p>Әңгімелесу: «Менің сүйікті жануарым» Мақсаты: Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік өорларын молайту.</p>	<p>Үстел үсті ойын: «Не жоғалды?» Мақсаты: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Санамақ Бақшаға жақсы аға, Көп-көп ойыншық әкелді. Бір балық, бір аю, бір үйрек. Бір түлкі, бір бүркіт, Шатасып қалма бірақта, Бақшаға жақсы аға, Қанша ойыншық әкелді?</p>	<p>Әңгімелесу: «Менің сүйікті жануарым» Мақсаты: Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік өорларын молайту.</p>
--	---	---	---	---	--

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Қазақ тілі "Сәлем - сөздің анасы. Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдау, түсіну, қабылдауды үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсініп, қарым-қатынаста қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Дид/ойын: «Төлін тап» Мақсаты: Балаларға жануарлар туралы мағлұмат береді, үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратуға үйретеді. Үй жануарларының төлдері туралы білімдерін арттырады. Жануарларды санауға, оларды топтастыруға дағдыландырады. Күтілетін нәтиже: Балалар жануарлар туралы мағлұмат алады, үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата алады. Үй жануарларының төлдерін тауып анасының жанына орналастыра алады. Жануарларды санап, топтастыра алады. Әдіс-тәсілдер: кесте, топтастыру, салыстыру. Ойынның барысы:</p>	<p>Дене шынықтыру. "Қатардан қалма". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруді үйрету..</p> <p>Дид/ойын: «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балалардың ой-өрісін, зейінін дамытады, логикалық ойлау қабілеттерін арттырады, байқампаздыққа тәрбиелейді. Күтілетін нәтиже: Балалар суреттегі айырмашылықтарды ажырата алады және сол айырмашылықтарды салыстыра алады. Әдіс-тәсілдер: топтастыру, салыстыру. Ойынның барысы: Педогог қабырғаға көк, қызыл шеңбер іліп қояды және балаларға өздеріне ұнаған түсті тандап, сондай түсті белгісі бар үстелге жайғасуларын сұрайды. Балалар орналасқан кейін әр үстелге суреттер беріледі, суретте не бейнеленгенін сурайды және суреттегі айырмашылықтарды тауып, көрсетулерін тапсырады. Педогог аталған айырмашылықтарды сипаттап беру керектігін айтады, айырмашылықтарды тез тауып</p>	<p>Дене шынықтыру "Кедергілерден өту ойындары". Мақсат-міндеттері. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету.</p> <p>Дид/ойын: «Ертегі кейіпкерлерінің жұбын тап!» Мақсаты: Балаларға ертегіні еске түсіруге көмектеседі, ертегіні мазмұндап беруге ынталандырады, ойлау қабілеттерін дамытады, ертегіні сюжеті бойынша құрастыруға дағдыландырады. Әдіс-тәсілдер: кітапханаға саяхат, топтастыру. Күтілетін нәтиже: Педогог балаларды «Кітапханаға» саяхатқа шақырады. Кітапханадағы ертегі кітаптармен таныстырады, балалардан қандай ертегі жақсы көретіндерін сұрайды. Балалармен ойласып, бір ертегіні тандап, оқып береді. Содан соң үстел үстінде бірнеше ертегі кейіпкерлерінің суреттері қойылады да, балаларға оқылған ертегінің кейіпкерлерінің суреттерін тауып беруді ұсынады және балаларға кейіпкерлердің суретін санау тапсырылады. Ертегіні сюжеті бойынша құрастыруды ұсынады. Педогог балаларға ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын көрсетулерін сұрайды (қоян қалай</p>	<p>Дене шынықтыру "Саршұнақтай жылдам болайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру.</p> <p>«Кезек» ойыны Мақсаты: Балаларға мамандықтар туралы, олардың атқаратын міндеттері туралы білім береді, есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттырады, байқампаздыққа шапшаңдыққа тәрбиелейді. Күтілетін нәтиже: Балалар мамандықтар туралы білім алады, олардың атқаратын міндеттерін ажырата алады қай карточка алынып тасталғанын тауып атап бере алады. Әдіс-тәсілдер: топтастыру, кесте, микрофон. Ойын барысы: Педогог сурет, карточкаларды немесе қандай да бір затты кезекке тұрғызады. Мысалы, тіс дәрігеріне, шаштаразға. Балалар артқа қарап тұруын сұрайды да, қандай-да бір затты алып тастап, қайтадан «Кім кезектен қашып кетті?» - деп сұрайды. Балалар алынып тасталған затты атап береді. Қайтадан ары қарап тұруын сұрайды,</p>	<p>Музыка "Күн дидарлы Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету.</p> <p>«Шкафқа жасыру» ойыны Мақсаты: Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттырады, заттарды түсіне, пішініне қарай ажыратуға дағдыландырады. Заттарды сәйкестендіру іскеліктерін қалыптастырады. Күтілетін нәтиже: Балалар салынған затты түсіне қарай тауып ала алады, заттың не екенін, оны қалай пайдалану керектігін, неден жасалғанын сипаттап айтып бере алады. Әдіс-тәсілдер: топтастыру, кесте, салыстыру. Ойын барысы: Педогог балаларды 2-топқа бөледі. Сірінкенің бос қорабынан шкаф жасайды. Ең қарапайым шкаф: үш қорапты бір-біріне жабыстыру, ең күрделі шкаф: 6 қорапты тігінен орнатып және 5 қорапты жалпағынан орнату. Тәрбиеші қандай да бір кішкентай затты, мысал үшін моншақты баланың көзінше кез-келген қорапшаға салады. Содан кейін шкафты айналдырып, балалардан сұрайды: «Моншақ қай сөресінде жатыр?» 1-топ бала лары</p>
---	--	--	--	--	--

	<p>Педогог балаларды 3-топқа бөледі. Тақтада үй жануаларының суреттері тұрады. 1-топ үстел үстіндегі жануарлардың төлдерінің суретін тауып анасының қасына орналас тырады және олардың қалай дыбыстайтынын айтып береді. 2-топ табиғат бұрышында «қорада»неше жануар бар екенін санап көрсетеді және үлкен-кіші жануарларды атап береді. 3-топ</p>	<p>берген топқа бір ұпай беріп отырады. Тапсырманың соңында қай топ неше айырмашылық тапқанын санатады Бөлшек суреттерден дәл</p>	<p>секіреді?)</p>	<p>карточкалардың орнын ауыстырып, «Кім кезегін шатастырып алды?» - деп сұрайды. Балалар ауысқан карточкаларды тауып береді. Содан кейін карточкаларды төңкеріп, «Көбелек қайда ұйықтап жатыр?», «Піл қайда ұйықтап жатыр?» және т.б сұрайды. Педогог кезекте</p>	<p>«сөреге»салынған зат-ты тауып, сипаттап береді. . Мысалы: Моншақ-қыз-келіншектер тағатын әшекей, ол әр түрлі бағалы тастардан жасалады. Жаттығуды игеру үшін түрлі-түсті заттарды әр</p>
--	--	---	-------------------	---	---

	қиынды суреттерден жануарлардың суреттерін құрастырады.	осы суретті құрастыруды тапсырады. Соңында қай топ қанша ұпай жинағанын санап, бала ларды мадақтайды.		неше жануар турғанын сурайды және олар тіс дәрігеріне неге кезекте тұрғанын сурайды. (Мысалы: тіс дәрігеріне тістерін емдетуге келді)	сөреге салуға болады. Сұрақтар: «Жасыл шар қай сөреде?», «Көк түйреуіш қай сөреде?» т.б. 2-топ сол әшекейлерді түрлі-түсті қағаздардан жапсыру арқылы сәндейді.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуендеу	Картотека № 1	Картотека № 2	Картотека № 3	Картотека № 4	Картотека № 5
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Бұл бала қай бала Пай-пай тап-таза Ақ қаздай Киімі мұнтаздай Жарайсың балақай! Дейміз біз мадақтай	Сабақ оқып, ойын ойнап Серуеннен қайтамын Тамағымды ішіп Түсте ұйықтап жатамын	Біз әдепті баламыз Жайнай берсін даламыз Табиғатқа қамқор боп Сүйіспеншілікпен қараймыз	Күз келіпті дегенше Алма пісті дегейсің Бағымызда ендеше Алма теру көбейсін
Түскі ас	Бата беру Мал жан аман тоқ болсын Қайғы-қасірет жоқ болсын Дастарханың ақ болсын Шаңыраққа бақ қонсын	Сиқырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын! Бата беру Аумин десең маған Құдай берсін саған Алтыннан-жағаң Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін Тілеуің қабыл Мұратың асыл болсын Аумин	Сиқырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын! Астырсын, тастырсын Жақсылармен жанастырсын Жамандардан адастырсын Оттың басы аман болсын Бейбітшілік заман болсын	Бата беру Хақ қарасын Бақ дарысын Дастарханға береке берсін Елге дәулет мереке берсін Шыққанның есесін берсін Қалғаның берекесін берсін	Сиқырлы сөз: Бата беру Басыңа алла бақ берсін Не берсе де нақ берсін Білім нақыл айтуға Жалықпайтын жақ берсін

Түскі ұйқы	Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	<p>1. Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3.</p> <p>2. «Денсаулық» жолымен жүру. Әдемі ирек жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»</p>				
Бесін ас	Сиқырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын!	Бата беру Иә, тәңірі құдірет Мал бастарын аман ет Басына бер бақыт Асына бер берекет	Бата беру Ашып тастап пейілді Дастарханың жайылды Қасиетті нан ұлық Берекең тұр нақ ұйып Асыл сөздер шашылды Бар абырой бақ орнап Ел сыйласын басыңды	Бата беру Аумин десең маған Құдай берсін саған Алтыннан-жағаң Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін Тілеуің қабыл Мұратың асыл болсын Аумин	Бата беру: Дастарханыңа береке берсін Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін Бастарыңа амандық берсін Дендеріңе амандық берсін Әумин!
Ойындар, дербес әрекет	Үстел- үсті ойыншықтары театры: Мақсаты: ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады.	«Ойыншықтар айтысы» әңгімесін оқу. Мақсаты: Ойыншықтарды ықпалды ұстауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту.	Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: Ойыншықтармен ойнау барысында балалар салыстыруды үйренеді. Заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын белгілейді.	Вариативтік компонент «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Бақша ағаштары» Мақсаты: Ертегі тыңдап, оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету	Тақырыбы: «Ойнайық та, ойланайық» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеттерін ары қарай жетілдіру. Білімдерін тиянақтау. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Берілген тапсырманы соңына дейін тыңдап, бірақ орындауға тәрбиелеу
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Ибраһимның құрдастары мен қарым қатынаса түсуін қадағалау. Рабина мен түстерді қайталау.	Жеке баламен жұмыс: Берекеге ұзын және қысқа заттарды салыстыруға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Алияға құмның судың қардың қасиеттерін білуге үйрету.	Жеке баламен жұмыс Ерасылға үлкендерге көмектесуге үйрету.	Жеке баламен жұмыс Әділетке тура және кейін санауды үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Балабақша ауласына серуен, балалармен әңгімелесу -Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?				

алтын күз келді. Күз барлық ағаштар мен бұталарды өз бояуына бояйды, біреуін –сары, енді біреуін - ашық қызыл түске бояйды.

**Балалардың
үйге қайтуы**

Әңгіме: «Менің сүйікті
ойыншығым»

**«Менің
ойыншықтарым»
Тақпақ**
Ойыншықтарым көп
менің
Бәрін жақсы көремін
Кешке дейін жалықпай
Бірге ойнап жүремін

Ата-аналардан сұраныс:
Ойыншық салатын себет
жасау

Көрме:
«Ойыншықтар біздің
досымыз»
Қағаздан, ермексаздан т.б
материалдардан
ойыншықтар жасау

Ата-аналарға кеңес:
Сапалы ойыншықтар
түрлерін басқа
ойыншықтардан қалай
ажыратуға болады.

Білім беру ұйымы: «Айсұлтан» балабақшасы

Топ :«Құлыншақ» ортаңғы тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 11-15.09.2023 жыл II аптаға

Тексерді әдіскер: Амангалиева.А

Тәрбиешілер: Тапаева.А

Жухаева.А

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жағдай туралы әңгімелесу. дене қызуын өлшеу. Тәрбиешімен бірге ертеңгілік жаттығу жүргізу.				
Ата – аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс: Ата анаға кеңес Балаңызға қайырымды да үлгілі бола біліңіз	Ата-аналармен жұмыс: Балаңызға балабақшада ұнайма ата аналармен әңгімелесу.	Ата-анамен жұмыс: Әңгімелесу. Балаңыздың сүйікті ойыншықтарын білесізбе?	Ата-аналармен жұмыс: «Балаңыздың достары туралы білесізбе?» сауалнама жүргізу
Ойындар үстел-үсті, саусақ және т.б	Дидактикалық ойын: «Жиһаз атауына сөйлем құрау». Мақсаты: түстерді ажырата білу, әр түрлі суреттер арқылы тілдерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.	Дидактикалық ойын: «Жеке- жеке атын ата» (кесе, қасық т.б.-ыдыс-аяқ)(алма, алмұрт, т.б.- жемістер) Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Жиһаздарды құрастыр» Мақсаты: 2-3 бөліктен құрастыруға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қай жиһаз жасырулы тұр» Мақсаты: балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
Таңертеңгі жаттығу	1. Картотека №5 «Тыныс алу және дем алу жаттығулары»				
Таңғы ас	Бата беру Берекеміз қашпасын Белімізді ешкім баспасын Адал жан болып астасың Арыңды күлдей шашпасын Тірлікте түзу жол тапсаң Тәңірім берер басқасын	Сиқырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын! Иә, тәңірі құдірет Мал бастарын аман ет Басына бер бақыт Асына бер берекет	Сиқырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын! Бата беру Аумин десең маған Құдай берсін саған Алтыннан-жағаң Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін Тілеуің қабыл	Бата беру Әуелі құдай есен ет Жиреншедей шешен ет Атымтайдай көсем ет Лұқпандай береген ет Әумин !	Бата беру Берекеміз қашпасын Белімізді ешкім баспасын Адал жан болып астасың Арыңды күлдей шашпасын Тірлікте түзу жол тапсаң Тәңірім берер басқасын Әумин!

Әумин!

Мұратың асыл болсын

Аумин

<p>Ойын, ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындалу</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке керекті материалдарды дайындау, балалардың әжетханаға шығып алуларын қадағалау.</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке қажетті ойын дайындау, балалардың әжетханаға шығып алуларын қадағалау.</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке қажетті материалдарды дайындау. Балалардың көңіл-күйін көтеру, музыкалық жаттығу жасау.</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке керекті материалдарды дайындау, балалардың әжетханаға шығып алуларын қадағалау.</p>	<p>«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Қазақ тілі Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты: Балаларды жиһаз бен таныстырады, сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйретеді «Айгүл бөлмеге кіріп, шырындықойды.(үстел үстіне)» Жиһаздың неден жасалғаны туралы мағлұмат береді. Күтілетін нәтиже: Балалар жиһаздарды атап бере алады, сөйлемді жиһаз атауымен аяқтай алады.Жиһаздың неден жасалғанын сипаттап бере алады. Әдіс-тәсілдер: топтастыру, кесте. Ойын барысы: Педогог балаларға жұмбақ жасырады. Жайылған дүниеге бір ғажайып Тік көтеріп отырар адамдарды.</p>	<p>Дене шынықтыру "Қатарда жүру түрлері". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатарға бір-бірден тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын дамыту; орындықта көлденеңінен еңбектеуді үйрету.</p>	<p>Дид/ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілері туралы білімдерін бекітеді,мезгілдерді атауларын үйретеді (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылауға дағдыландырады. Күтілетін нәтиже: Балалар жыл мезгілдерін ажырата алады,атау ларын атай алады және жыл мезгілдерінің өзгерістерін талқылай алады. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балаларға әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкаларын таратып береді және жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығуды тапсырады</p>	<p>Денешынықтыру Қимылды ойын: «Шарды ұста» Мақсаты: Балалардың ойын арқылы ұсақ моториканы дамыту. Күтілетін нәтиже: Балалар түстерді ажыратып,атау ларын атай алады және шарды ұстай алады. Ойын барысы: Тәрбиеші шарларды ұшырады және балаларға шарды ұстап әкелулерін сұрайды. Кім қандай түс шар ұстаса сол қандай түсті шар екенін атап беру керек.</p>	<p>Музыка "Күздің ғажайып құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға әнді тыңдай отырып, мағынасын түсінуді және ырғақты айыруды үйрету. Дид/ойын: «Жалпы атауын ата» Мақсаты: Балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуді үйретеді, тапқырлыққа, шапшандыққа баулайды. Күтілетін нәтиже: Балалар заттарды жеке-жеке тани келе, соңында заттардың атауын бір сөзбен атай алады. Әдіс-тәсілдер: топтастыру, салыс тыру. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға әртүрлі сурет тер таратып береді,сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір</p>

					сөзбен атауды тапсырады. мысалы:ыдыстар,ойыншы қтар,жануарлар. Оларды зерттеп көрсетеді (түсін,пішінін, қатты,жұмсақ,неден жасалға- нын) Аталған
--	--	--	--	--	--

	(Орындық) Арқасында азығы, Бауырында қазығы. (Үстел) Балаларға жиһаздың суреттерін көрсете отырып олардың неден жасалғанын, қайда пайдаланатынын сурап кетеді. 2-3 бөлік қиындылар дан жиһаз құрастыруды тапсырады.		(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққалат.б.) және жыл мезгілдерінің маусымдық өзгерістерін айтып береді. Тәрбиеші әр жыл мезгіліндегі карточкаларда бейне ленген ағаштарды салыстыруды тапсырады, қайсы жыл мезгіліндегі ағаш биік,ал қайсысы қысқа?		заттарды үстел үстіне топтастырып қояды және оларды санайды. Қайсысы көп, ойыншықтар көпбе әлде ыдыстар көпбе? Тапсырма соңында балалар әр түрлі ойыншықтарды бояйды.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуендеу	Картотека № 6	Картотека № 7	Картотека № 8	Картотека №9	Картотека №10
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау.Жинақылыққа тәрбиелеу.Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Бата беру Дастарханың бай болсын Қазан – ошағың май болсын Төрт түлігің сай болсын Көңілің толып жай болсын Әумин!	Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар	Бата беру Берекеміз қашпасын Белімізді ешкім баспасын Адал жан болып астасың Арыңды күлдей шашпасын Тірлікте түзу жол тапсаң Тәңірім берер басқасын Әумин!	Сиқырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын! Әуелі құдай есен ет Жиреншедей шешен ет Атымтайдай көсем ет Лұқпандай берген ет Әумин !	Бата беру Береке берсін басыңа Бақ қонсын басыңа Балын татып өмірдің Жамбылдың жет жасына Әумин!
Түскі ұйқы	Ертегі оқып беріп балаларды ұйықтату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Мысықтар Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап мияулап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу. Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр. Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу. 2 Майтабанның алдын алу. (2 минут)				

	Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау				
Бесін ас	Нан қиқымын шашпандар Жерде жатса баспандар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастандар Сиқырлы сөз: «Астарың дәмді болсын!»	Сиқырлы сөз: «Астарыңыз дәмді болсын!» Бата беру Баянды алла бақ берсін Адалын берсін, ақ берсін Атағың кетіп алашқа Астыңа алтын тақ берсін Әумин!	Сиқырлы сөз: «Астарың дәмді болсын!» Бата беру Әуелі құдай есен ет Жиреншедей шешен ет Атымтайдай көсем ет Лұқпандай береген ет Әумин !	Бата беру Берекеміз қашпасын Белімізді ешкім баспасын Адал жан болып астасың Арыңды күлдей шашпасын Тірлікте түзу жол тапсаң Тәңірім берер басқасын	Сиқырлы сөз: Бірлік берсін басыңа Береке берсін асыңа Әумин!
Ойындар, дербес әрекет	Мазмұнды- рөлді ойын: «Жиһаз дүкені» Мақсаты: Жиһаз туралы білімдерін жетілдіру. Рөлге бөліп ойнауға тәрбиелеу.	Қ/о «Ойыншықты алып кел.» Күзгі киімдерді атап, тауып көрсету. Ерекшеліктерін айтқызып пысықтайды.	Дид.ойын: «Ою-өрнектерді ата» Мақсаты: Қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру, атай білуге үйрету.Баланың есте сақтау қабілетін дамыту.	Вариативтік компонент «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Бақша ағаштары» Мақсаты: Ертегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету	Дид.ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету.Әр үйшіктің өзі түсіне тән жапырақша- ларын шапшаң тауып кіргізе білу қабілеттерін жетілдіру. Алғырлыққа, ептілікке тәрбиелеу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Адинаға «Сүйкімді төлдер» тақпағын айтқызу	Жеке баламен жұмыс: Айгерімге «қ» «к» дыбыстарын қайталату	Жеке баламен жұмыс: Шұғылаға киімін ұқыпты жинауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс Қуанышбекке көлік құралдарын атауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс Әділетке құрастыру материалдарының бөліктерін білуге үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Балабақша ауласына серуен, балалармен әңгімелесу -Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? - Ауа- райы салқындайды, ағаштардың жапырақтары сарғайып , жерге түседі, шөп сарғайып қурайды.				

Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: Баланың тілін дамыту үшін көбірек тақпақтар айтқызу.	Ата-аналардан сұраныс: Сіріңке қорабынан үстел жасап әкелу	Көрме: Әр түрлі материалдардан күз макетін жасап әкелу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен сауалнама: Демалыс күндері балаңыз не істегенді ұнатады?
-------------------------------	--	---	--	--	---

Шанға 18.09-22.09.2023ж.

«Құлыншақ» ортаңғы тобы

Тексерген әдіскер: Аманғалиева А.Ж.

Тәрбиешілер: Тапаева А

Жухаева А

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелеседі, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастырады. Жағымды жағдай орнатады. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп, бетперделерін тексеріп,антисептикпен қолдарын тазалап қабылдайды. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата – аналармен әңгімелесу	Қабылдау ережелері, демалыс күндерін өткізу дәстүрлері т.б. бойынша ата-аналармен пікірлеседі; Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - балабақша туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелеседі; Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелеседі; Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелеседі; Өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлеседі, пікірлеседі;				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)	«Менің балабақшам» Суреттер әлеміне саяхат Мақсаты: Балабақша туралы білімдерін арттырады.	«Пішіндерді орналастыр» ойыны Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастыруды үйретеді.	«Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік береді.	Үстел- үсті ойыны: Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету «Ойық ішіндегі заттарды орналастыру»	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамытады.
Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Ұйқы ашатын музыкалық-ырғақты қимылдарды орындайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын айтады.				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастырады және сақтайды.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Ұйым-іс әрекетке қажетті ойындарды реттеп балаларға жететіндей етіп үлестіруге дайындайды.	Ұйым-іс әрекетке қажетті ойындарды реттеп балаларға жететіндей етіп үлестіруге дайындайды.	Балаларға қажетті ойын -дарды реттестіреді. Музыка дәптеріндегі берілген тапсырманы бір қайталау.	Керекті суреттерді оқу қызметке дайындау. Балаларды әжетқанаға ба рып алуларын қадағалау.	Ұйым-іс әрекетке қажетті көрнекіліктер мен үлестірмелілерді дайындау
Ұйымдасты	Қазақ тілі Менің Отаным Қазақстан	Дене шынықтыру "Бір орнынан биікке секіру". Мақсат-міндеттері.	Дене шынықтыру "Бір орнынан биікке секіру". Мақсат-міндеттері.	Дидактикалық ойын	Музыка "Күздің ғажайып құбылыстары".

	Мақсаты.Балаларға Отан туралы тақпақтар жатқа білу,үйрету	Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруді үйрету. Дид.ойын:	Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруді үйрету.		Мақсат-міндеттері. Балаларға әнді тыңдай отырып, мағынасын түсінуді және ырғақты айыруды үйрету. Дид/ойын:
--	--	--	--	--	---

<p>рылған іс әрекеттері</p>	<p>«Сән ательесі» Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін, тілдерін дамытады, достық қарым-қатынастарын тәрбиелейді.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар рөлге бөліп ойнай алады, тігінші мамандығы туралы мағлұмат алады және тігінші құралдарын ажырата алады.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: Топтастыру, салыстыру</p> <p>Ойын шарты. Тәрбиеші балаларды рөлдерге бөледі: 3-4 бала тігінші, 2-3-уі киім пішүші (модельер) Ательеге 2-3 бала қуыршақтарын көтеріп, көйлек, т.б. заттарды тіккізуге тапсырыс береді. Киім пішүші арнайы өлшеуішпен қуыршақтың көйлегінің ұзындығын, кеудесін, жеңін өлшеп алады да, дайын үлгімен қияды. Балалар сұрақтарға жауап береді: -Сенің қуыршағын бойы неше см екен? -Оған қандай түс көйлекті тіктіресің? -Көйлекті киіп қайда барасындар?</p>	<p>«Ертегі кейіпкерлерін ата» Мақсаты: Ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейте ді ,ертегі кейіпкерлерін атай білуге үйретеді,балалардың танымдық қасиетін дамытады, логикалық ойлау, есте сақтау, ойдан құрастыру қабілетін дамытады. Ертегінің жағымды кейіпкерлері арқылы адамгершілікке, тәрбиелейді.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар ертегі кейіпкерлерін атай алады,жағымды кейіпкерлерді тани алады, ертегіні сюжеті бойынша құрастыра алады.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: Топтастыру</p> <p>Ойынның барысы: Тәрбиеші балалардан «қандай ертегі білесіндер?» деп сұрайды Балалар білетін ертегілерін атап береді. Тәрбиеші үстел үстіне бірнеше ертегі кейіпкерлерін қояды. Аты аталған бала аталған ертегі кейіпкерлерін көрсетеді. Ол ертегіде жақсы, жаман кейіпкерді атап береді. -Сен қайсы кейіпкерге</p>	<p>«Үлкен-кіші» Мақсаты: Үлкен-кіші ұғымдарды білуге үйретеді, әрі қарай дамытады, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін дамытады. Көлемдері әр түрлі кірпілердің (үлкен, орташа, кіші), көлемдеріне сәйкес алмаларын, саңырауқұлақтарын тауып орналастыруды үйретеді.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар үлкен-кіші заттарды ажырата алады, көлемі әр түрлі кірпілердің көлемдеріне сәйкес алмаларын, саңырауқұлақтарын тауып орналастыра алады.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: Топтастыру</p> <p>Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға «Үш аю» ертегісін оқып береді, суреттерін көрсетеді. -Үлкен аюдың ыдыстары, керуеті қандай? -Орташа ыдыс, керует</p>	<p>«Жаңа қуыршақ» Мақсаты: Баланы топ бөлмесіндегі заттарды дұрыс атап білуге үйретеді, тілдерін зейіндерін дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар топ бөлмесіндегі заттарды дұрыс атап бере алды.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: топтастыру</p> <p>Ойынның барысы: Тәрбиеші: -Балалар бізге бүгін жаңадан Қуыршақ келді, оның аты Айгерім. Қараңдаршы Айгерім қандай әдемі, оның көйлегінің түсі қандай, аяқ киімінің түсі қандай екен? Қуыршақты кімдер ойнайды? -Балалар қараңдаршы біздің топта басқа қандай ойыншықтар бар деп тәрбиеші балаларға топтағы ойыншықтарды сипаттап берулерін ұсынады (доптың пішіні қандай түсі қандай, оны кімдер ойнайды?) Тәрбиеші балаларға ойыншықтар туралы қандай тақпақ білетінде рін сұрайды. Ойын</p>	<p>«Қуыршаққа арналған моншақтар» Мақсаты: Балаларға әр түрлі геометриялық бөлшектерді бауға тізбектеуге үйретеді. Ұсақ қол моторикасын дамытады.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар әр түрлі геометриялық пішіндердің бөлшектерін бауға тізбектей алады.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: топтастыру</p> <p>Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға қуыршақты көрсетеді. -Балалар қараңдаршы қуыршақ көңілсіз, неліктен көңілсіз деп ойлайсындар? Себебі ол досының туған күніне барғысы келеді бірақ ол досына не сыйларын білмей тұр. Сендер оған қандай сыйлық ұсынар едіңдер? (балалардың жауаптарын тыңдау) Балалар қуыршаққа моншақ жасап берсек қалай? Тәрбиеші балаларды екі топқа бөледі, топтарға Қуыршаққа</p>
------------------------------------	---	---	---	--	--

	Бұл жұмысты ұжымды түрде барлық балалар бірігіп істеуіне әбден болады.	ұқсағың келеді?-деген сұраққа жауап береді. Ертегіде неше кейіпкер бар екенін санап береді. Суреттерді пайдаланып ертегі құрастырады. Ертегі кейіпкерлерінің дала немесе үй жануары екенін атап береді. Ертегіні қысқаша сахналап береді.	қайсы аюдықы? -Кішкентай аюдың ыдысы қайсы? -Ендеше балалар бүгін кірпілерге алма мен саңырауқұлақ таңдауға көмектесейік. Балалар кірпілердің көлеміне қарай алма мен саңырауқұлақ таңдап береді -Саңырауқұлақ қайда өседі? -Алма қайда өседі? -Алма жеміспа әлде көкөніспа?	соңында балаларға ойыншықтармен еркін ойнауға рұқсат беріледі.	арнап моншақ жасауды ұсынады. 1-топқа дөңгелек пішіндерден, ал 2-топқа үшбұрыш пішіндерден моншақ жасауды тапсырады, жасалған моншақты бағалап балаларды мадақтайды және осындай моншақты кімге сыйлар едің?-деп сурайды. Балалардың жауаптарын толықтырып отырады.
II Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастырады және сақтайды; Сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулыды.				
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуендеу	Картотека №11	Картотека №12	Картотека №13	Картотека №14	Картотека №15
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылайды. Жинақылыққа тәрбиелейді. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалайды.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіреді. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалайды.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнатады.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	<p>Керуеттегі жаттығулар:</p> <p>Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.</p> <p>Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.</p> <p>Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.</p> <p>Балалар төсекте, арқаға жатып шынтактарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд.</p> <p>Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу.</p>				
Бесін ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіреді, тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				

Ойындар, дербес әрекет	Сюжетті-рөлдік ойын: «Балабақша» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері мен таныстырады, балалардың сөздік қорларын байытады.	Д/о «Бұл не?» Мақсаты: балалардың сөздік қорларын байытады Балаларға сурет қарап заттардың атын атайды	Үстел үсті : Қысқыштармен ойналатын ойын: Мақсаты: Балалардың ұсақ қол моторикасын дамытады.	Вариативтік компонент «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Мақтақыз бен мысық» Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	Д.О «Суреттерді орналастыр» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттырады.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Ерасылға аяқ киімінің бауын байлауға көмектесу	Жеке баламен жұмыс: Сабинамен әңгімелесу: «Күз келді»	Жеке баламен жұмыс: «Санамақ айту» Балалар мен қайталайды	Жеке баламен жұмыс: «Біз бақытты баламыз» әні Әнді жаттайды.	Жеке баламен жұмыс: Айаруға он қол мен сол қолды ажыратуды үйрету
Серуенге дайындық	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалайды.				
Серуен	Балабақша ауласына серуен. Балалармен әңгімелеседі.				
Кешкі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіреді. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				
Ата аналармен баламен қоштасу	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу	«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу	«Алтын күз» ертенгілігін ата-аналар мен талқылау	Ата- аналарға балалардың тамақтарын ұқыпты жеуге, тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

ЦИКЛОГРАММА
IV апта 25.09-29.09.2023ж.
«Құлыншақ» ортаңғы топ

Тексерді әдіскер: Амангалиева А.Ж

Тәрбиешілер: Тапаева А.

Жухаева А

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңертең балаларды қабылдап ата-анаға балабақшадан қалмауын ауырған жағдайда ескіртуі туралы айту. дене қызуын өлшеп тазалығын тексеру. Бой, салмақ өлшеу				
Ата – аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс: Баланызға балабақшада ұнайма ата аналармен әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс: Баланыз балабақша туралы қандай пікірде.	Ата-аналармен жұмыс: Ата анаға кеңес Балаңызға қайырымды да үлгілі бола біліңіз	Ата-аналармен жұмыс: Баламен бірге еңбектен
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)	«Пішіндерді орналастыр» ойыны Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады.	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамытады.	«Кім көп сөз айтады?» Мақсаты: Өткен сөздер ді пысықтау, дыбыстарды дұ- рыс айтуға жаттықтырады, сөз байлығын арттырады.	Үстел үсті ойын: «Жоғалған зат» Ойын шарты: Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап турады. Үстелден бір зат алынып тасталы- нады, бала не заттың жоғалып кетгенін табу керек.	Саусақ ойыны: Оң қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ Қосып едім екеуін Болып шықты он саусақ
Таңертеңгі гимнастика	Картотека № 3 Топпен бір бағытта жүру, «тоқта» деген белгіге тоқтау. 2-3 рет				
Таңғы ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіреді, тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз- аздан алып, шусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	«Балабақша бөлмесіндегі гүл» ойыны	«Менің балабақшам» суретін үлгі бойынша құрастырып ,әңгіме айтып беру	Балабақшадағы ойыншықтармен ойнату, балалардың бір- бірімен ауызша қарым - қатынас жасауына ықпал ету	Өлеңді жаттау: Балабақша есігін, Үшке тола ашқанбыз. Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз.	Үстел үсті ойыны: «Менің балабақшам»

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. "Қатардан қалма". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруді үйрету.	Музыка Ата ананы тыңдаймыз. Мақсаты.Балалар ата – ана туралы әннің сын сиатын ажыратуды үйрету	Дене шынықтыру "Қатарда жүру түрлері". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатарға бір-бірден тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын дамыту; орындықта көлденеңінен еңбектеуді үйрету.	Қазақ тілі Менің Отаным Қазақстан Мақсаты.Балаларға Отан туралы тақпақтар жатқа білу,үйрету	Дене шынықтыру "Бір орнынан биікке секіру". Мақсат-міндеттері. Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруді үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Картотека № 16	Картотека №17	Картотека № 18	Картотека № 19	Картотека № 20

Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау
Түскі ас					
Түскі ұйқы	Ертегі оқып беріп балаларды ұйықтату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз (2- 4 рет) Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау.				
Бесін ас	. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіреді, тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Біреуі артық» Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекітеді; ойлау қабілеттерін дамытады, заттарды топтастыра білуге үйретеді.	Үстел -үсті ойыны «көлік құрастыру» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамытады.	Дидактик-ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын сөздермен байытады.	Дидактикалық ойын: Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер» Мақсаты: Геометрия ұғымымен таныстырады. Логикалық ойларын дамытады.	Эстафеталық ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Балаларды шапшандыққа тәрбиелейді
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Айаруға сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қаран дашты дұрыс ұстауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Алимен пішіндерді қайталау, Нұрсаямен салыстыру нәтижесін қайталау, Әділетпен пішіндерді қайталау, Айгеріммен он қол мен сол қолды ажырату	Жеке баламен жұмыс: Адинамен құмның судың қардың қасиеттерін қайталау. Ерасылмен табиғатта өзін ұстау ережелерін қайталау	Жеке баламен жұмыс: Шұғыламен құрдастарымен ересектерімен қарым қатынасқа түсуін қадағалау. Қуанышпен өлеңдерді қайталап айту	Жеке баламен жұмыс: Сабинаға кейбір өсімдіктердің атауын орыс тілінде қайталау. Әділетпен жануарлардың атауын орыс тілінде атауын қайталау.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: Біздің балабақшамыз»				
Кешкі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау				
Балалардың дербес әрекеті	«Сабын көбіктері» Мақсаты: Балаларды	«Шарды үрле» Мақсаты: Балаларды	«Жеті лақ» ертегісін сахналау.	Вариативтік компонент «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Мақтақыз бен мысық»	«Ойыншықтарды тап!» Ойын шарты:

<p>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>дұрыс тыныс алуға үйрету. Ойынның құрал жабдықтары: Сабын көпіршіктері. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға ас болсын көпіршіктерін таратып береді. Ойынға 4-5 бала қатысады. Балалар дұрыс тыныс алып, көбіктер шығаруы керек. Ойын осылай жалғасады.</p>	<p>сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.</p>	<p>Мақсаты: Жеті лақ ертегі сін сахналау арқылы балалардың ақыл-ойын, қиялын дамыту, үй жануарларының дыбысын ажырата білу. Балаларды достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Бөлмеде әр түрлі орында ойыншықтар жасырылады. Белгі берілгенде балалар іздей бастайды. Ойыншықты тапқан соң, тәрбиешінің сол жағына тұрады. Олар көлемі бойынша қандай ойыншықтар тапқанын және бір-бірінен қалай ажыратылатындығын айтады. Мәселен, «екі бірдей шырша» және «куыршақтың ұзын шаштысы қысқа шашты куыршақтың қасында тұр».</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>балалар тәрбиесі, қызығыушылығы туралы кеңес беру.</p>	<p>«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу</p>	<p>«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу</p>	<p>Ата-аналардан сауалнама алу</p>	<p>«Менің балабақшам, менің мақтанышым» тақырыбында ата-аналарға көрме ұйымдастыру</p>

ЦИКЛОГРАММА
I - апта (02-06.10. 2023 ж.
«Құлыншақ» ортаңғы топ

Тексерді әдіскер: Амангалиева А.Ж

Тәрбиеші: Тапаева А.

Жухаева А

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы:отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ата – аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс: «Балаңыздың достары туралы білесізбе?» сауалнама жүргізу	ата-аналармен жұмыс Баламен бірге еңбектен	Ата-аналармен жұмыс: Ата анаға кеңес Балаңызға қайырымды да үлгілі бола біліңіз	Ата-аналармен жұмыс: «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу.
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)	Үстел- үсті ойыны: Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету «Ойық ішіндегі заттарды орналастыру»	Дидактик ойын: «Не қайда тұрады?» Мақсаты: заттардың аттарын атау, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту	Дидактикалық ойын. «Қай ойыншық тығулы тұр?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Саусақ ойыны: Құстар қанат қағады Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шиқ-шиқ-деп, ән салады.	Қ.қ.о. «аю» Мақсаты: Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүгіру. Балаларды шапшандыққа уйрету.
Таңертеңгі гимнастика	Картотека №-4 Жүру: Бірінің артынан бірі жүру. 2-3 рет				
Таңғы ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіреді,тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				
Ойындар, ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық	Балабақшадағы ойыншықтармен ойнату, балалардың бір- бірімен ауызша қарым - қатынас жасауына ықпал ету	«Жұбын тап» Мақсаты: Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: жеміс-көкөніске	Қ.қ.о. «Марғаулар мен күшіктер» Мақсаты: Балаларды шапшандыққа, ептілікке үйрету.	Әңгімелесу: «Біз туратын ауыл. Мақсаты: Балаларға өз туратын ауылы,көшесі туралы мағлұмат беру.	Дидактик-ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын сөздермен байыту.

		байланысты текшелер.			
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Кедергіден өту амалдары".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта) үйрету.</p>	<p>Қазақ тілі "Қазақстан - менің Отаным. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс "Қазақстан жайында...".</p> <p>Музыка "Күздің ғажайып құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға әнді тыңдай отырып, мағынасын түсінуді және ырғақты айыруды үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Кедергілерден өту ойындары".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету.</p>	<p>Музыка "Күн дидарлы Қазақстан".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Саршұнақтай жылдам болайық".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру.</p>

Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуендеу	Картотека № 1	Картотека № 2	Картотека № 3	Картотека № 4	Картотека № 5
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіреді, тамақтану алдында мұқият қолдарын жууды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын жууды қадағалайды.				
Түскі ұйқы	Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	Балаларға ұйықтауға жағымды жаңдай жасау	Ертегі оқып беріп балаларды ұйықтату	«Кұйыршық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату	Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру. Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. (3- 4 рет)				
Бесін ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіреді, тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				
Ойындар, дербес әрекет	Қимылды ойын: «Айлакер түлкі»: Мақсаты: Балаларды тез жүгіруге жаттықтырып, жылдамдыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту.	Қимылды ойын: « Көжек » Мақсаты: Қолды кеуденің алдына қойып, қос аяқтап секіру.	Вариативтік компонент «Ертегілер елінде» Тақырыбы: «Мақтақыз бен мысық» Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	Сюжетті-рөлді ойын: «Азық - түлік дүкені» Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Аялаға достарының аттарын айтқызып үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Ақмерейге он және сол қолын ажыратуға үйрету,	Жеке баламен жұмыс: Ақнұрға түрл-түсті шарларды бояту, Сәтжанға тақпақ айтқызу.	Жеке баламен жұмыс Ясинаға айналасындағы заттарды атауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Абдуазизге түрлі түсті жаттығуларды орындауға үйрету.

Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Бақылау күннің І-жартысымен салыстыру				
Кешкі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіреді, тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				
